

1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиабағыттарындағы тұрақты рейстердің кестелерін нақтылау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде тұрақты рейстерді орындайтын әуе кемелерінің, авиакомпаниялардың тұрақты рейстерінің кестелерін бекіту тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:
әуе қозғалысына қызмет көрсететін аэронавигациялық өкілетті орган - "Қазақэроавиация" республикалық мемлекеттік кәсіпорын;
уақыт аралығы (слот) - әуежайда әуе кемесінің белгілі бір күні немесе кезеңінде келу немесе жөнелу операцияларын орындау үшін рейске бөлінген у а қ ы т ;
тұрақты рейс параметрлері - тұрақты рейстің орындау кезеңін, әуе кемесінің әуежайға келу немесе жөнелу күнін, уақытын, әуе кемесінің үлгісі мен жолаушы сыйымдылығын қамтитын кестесінің параметрлері.

3. Азаматтық авиация комитеті берген авиабағыттарға арналған куәліктердің негізінде немесе заңнамада белгіленген өзге де тәртіппен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде орындауға жоспарланған Қазақстан Республикасы авиакомпанияларының және Қазақстан Республикасы әуе қатынасы туралы халықаралық шарттардың қорытындылары негізінде жүзеге асырылатын шетелдік авиакомпаниялардың тұрақты рейстерінің кестелерін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті бекітеді.

Кестені құрастыру мен бекітудің міндеттері:
авиабағытқа берілген куәлік жағдайына немесе әуе қатынасы туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына тұрақты рейс параметрлерінің сәйкестігін тексеру;

әуе кеңістігінде және әуежайларда тұрақты рейстерді қауіпсіз орындау жағдайын жоспарлау;

коммерциялық және техникалық қызметті ұйымдастыру үшін тұтынушыларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

жоспарланған рейстерді орындау үшін қажетті материалдық ресурстарды есептеу болып табылады.

4. Тұрақты рейстің кестесін жасау, бекіту мен түзету дүниежүзілік үйлестірілген уақытта (UTC) жүзеге асырылады.

2. Тұрақты рейс кестесін қалыптастыру, бекіту

5. Тұрақты рейстің кестесін авиакомпания "Жаз" және "Қыс" деп аталатын екі маусымға әзірлейді. Жазғы және қысқы маусымдық кестелердің қолданылу

2002 жылғы 16 тамыздағы
 N 672 бұйрығымен бекітілген
 Қазақстан Республикасының
 ішкі және халықаралық
 авиабағыттарындағы тұрақты
 рейстердің кестелерін бекіту
 жөніндегі нұсқаулыққа
 1-қосымша
 "Р" нысан Қазақстан Республикасы Көлік және
 коммуникациялар министрлігінің
 Азаматтық авиация комитеті
 төрағасы
 _____ (Ф.А.Ә.)

2002 " ____ " _____

"Бекітемін"

_____ навигация кезеңінде _____ авиакомпаниялар рейстерін
 орындау графигі

N	ХААҰ коды және рейстер нөмірлері	Орындау кезеңі	Апта күндері	Бағыт (әуежай атауы, УТЦ уақыты)	Ескерту
---	----------------------------------	----------------	--------------	----------------------------------	---------

		ггммдд	ггммдд	1 2 3 4 5 6 7	
--	--	--------	--------	---------------------------	--

N	Коммерциялық құқығы бар учасоктер	"тоқта-овер" құқығы бар пункттер	Техникалық қону пункттері	Құрастыру үлгісі	ӘК
---	-----------------------------------	----------------------------------	---------------------------	------------------	----

Авиакомпания басшысы Ф.А.Ә.

МО

Қазақстан Республикасы
 Көлік және коммуникациялар
 министрлігінің Азаматтық
 авиация комитеті төрағасының

2002 жылғы 16 тамыздағы
 N 672 бұйрығымен бекітілген

